



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

stydent jastar gazeti

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№26 (451) 24 шілде,
2025 жыл



Құрметті әріптестер, ардақты ата-аналар, түлектер!

Баршамызға ортақ осы бір әсерлі сәттеріңіз құтты болсын!!! Маған берілген мүмкіндікті пайдаланып ата-аналарға айрықша ризашылығымды жеткізім келеді.

Ардақты ата-аналар!

Ұрпағымыз Сыр бойындағы Қара шаңырақ – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім алып, әлеуеті мықты маман болсын деп таңдау жасағандарыңыз үшін алғысым шексіз. Перзенттеріңіздің болашағын айқындап, бағыт сілтеуде сіздердің, басты қолдаушыларының үлесі орасан зор.

Білімге құйылған инвестиция – Отанға деген сүйіспеншілік пен құрметтің белгісі! Бүгінгі қуаныштарыңыз құтты болсын! Үміт артқан ұл-қыздарыңыз білімді де, білікті маман болып, әрдайым өздерін мықты тұлға ретінде таныта білсін!

Әлбетте, жоғары білім алып, шешуші сәтте толқып тұрған әрбір бітірушінің артында университеттің ардақты ұстаздар қауымының қажырлы еңбегі бары анық.

Қымбатты оқытушылар!

Өздеріңіз білім мен тәрбие берген шәкірттеріңіз санаулы күндерден соң бір-бір саланың білікті маманы, еліміздің дамуына жемісті еңбек ететін сапалы кадрлар болмақ.

Қоғамды алға жылжытар маман дайындаудағы ерен еңбектеріңіз бен ұстаздық кәсіпке адалдықтарыңыз, шәкіртке білім мен тәрбие берудегі күш-жігерлеріңіз үшін мың алғыс!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша барлығы 2579 түлек аяқтап отыр. 2336 студент бакалавриат, 243 магистрант магистратуралық дәрежеде білім алып шықты. 196-сы үздік диплом иегерлері.

Құрметті түлектер!

Асыл армандарыңыз орындала берсін! Болашақтарыңыз жарқын, жолдарыңыз әрқашан ашық болсын!

Сіздерге сәт сапар тілеймін!

Басқарма төрағасы - Ректор
Бейбітқұл Каримова



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ УНИВЕРСИТЕТКЕ ЫҚЫЛАСЫ ЕРЕКШЕ

Оқу жылын қорытындылар тұста, университеттің Директорлар кеңесінің төрағасы қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты Әбіл Ерлан Қуанышұлы мен Директорлар кеңесінің мүшесі, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және активтер департаментінің директоры Ернар Тоқтыбаев арнайы іссапармен келіп, оқу ордамыздың ішкі тыныс-тіршілігімен, ғылыми және мәдени әлеуетімен жақынырақ танысты.

Сапар барысында Директорлар кеңесінің мүшелері құрылымдық бөлімше басшыларымен, профессор-оқытушылар құрамымен мазмұнды кездесулер өткізді.

Сондай-ақ, студенттердің теориялық білімдерін кәсіби құзыреттіліктермен ұштастыруға бағытталған оқу-өндірістік тәжірибе базасының жұмысымен, ғылыми және инновациялық инфрақұрылымымен, зертханалар мен ғылыми-зерттеу орталықтарының бағыттарымен және басқа да әлеуметтік нысандармен танысты.

Құрылым басшыларымен арнайы кездесу ұйымдастырылып, білім беру сапасы, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі, кадр даярлау мәселелері және университеттің даму бағыттары жан-жақты талқыланды.

Жиында болашақтағы стратегиялық жоспарлар мен университет имиджін арттыру бағытында атқарылатын жұмыстар төңірегінде ұсыныстар мен пікірлер ортаға салынды. Әсіресе, халықаралық әріптестікті нығайту, ғылым мен инновацияны дамыту, студенттердің шығармашылық әлеуетін көтеру сынды өзекті мәселелерге баса назар аударылды.

Басқосуда айтылған тың ойлар мен келелі пікірлер оқу орнының өркендеуіне, заманауи талаптарға сай дамуына тың серпін беретіні сөзсіз.

Төрағаның Сыр еліне сапары Директорлар кеңесінің кезекті отырысын университет қабырғасында өтуімен жалғасын тапты. Кездесуге университеттің Директорлар кеңесінің өзге де мүшелері онлайн форматта қатысты.

Басқосуда 2025 жылға белгіленген университет қызметінің негізгі көрсеткіштері мен индикаторларының орындалуы туралы Басқарма

төрағасы мен Басқарма мүшелерінің есептері тыңдалды.

Сонымен қатар, ішкі аудит қызметі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAINTS-қызметінің есепті кезеңдегі қызметі туралы ақпарат ұсынылды.

Директорлар кеңесінің жұмысы келесі шешімдермен түйінделді:

1. Басқарма есебі университеттің 2024 жылға арналған даму көрсеткіштері мен мақсатты индикаторларының тиімді орындалғанын растады. Университет QS және Green Metric сынды беделді халықаралық рейтингтердегі позициясын жақсартып, шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығын кеңейтті.

2. Ғылыми бағыттағы қызметте оң динамика байқалады: зерттеу жобаларының табысы артып, университет ғалымдарының жарияланымдық белсенділігі тұрақты өсіп келеді.

3. Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындар сұранысына сәйкес әзірленген инновациялық білім беру бағдарламалары енгізілді. Бұл еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беруге және университет пен өндірістік сектор арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

4. QS рейтингісінің TOP-700 қатарына кіретін шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды бағдарламалар саны артты. Бұл оқу үдерісін интернационалдандыруға және студенттердің академиялық ұтқырлығын кеңейтуге мүмкіндік береді.

5. Білім беру, ғылыми және басқарушылық қызметті цифрландыру бойынша кешенді жұмыстар басталды. Бұл университеттің басқару тиімділігін арттыруға және заманауи инфрақұрылым қалыптастыруға бағытталды.

Өз кезегінде Ерлан Қуанышұлы университеттің ашықтық, корпоративтік басқару және академиялық даму қағидаттарын жүйелі түрде нығайту-тұрақты даму мен халықаралық деңгейдегі позицияларын жақсартуға ықпал ететінін атап өтті.

Редакциядан: «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ жаңа аппарат басшысы қызметіне Бердалиева Гульзат Қыстаубайқызы тағайындалды!

Алдағы жұмысына сәттілік тілейміз!

Университетте 1-4 шілде аралығында
2024-2025 оқу жылындағы бітіруші
түлектерге диплом табыстау
салтанаты болып өтті.

УНИВЕРСИТЕТ ҮЗДІК ЖОО-НЫҢ ОНДЫҒЫНДА

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ҚР жоғары оқу орындары сұранысының тәуелсіз рейтингі–2025 версиясы бойынша ҚР ҮЗДІК-10 ЖОО қатарында

2025 жылғы 2 мамырда Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) өткізетін ҚР жоғары оқу орындары сұранысының тәуелсіз рейтингі – 2025 қорытындысы жарияланды. 2025 жылы бағаланған білім беру бағдарламаларының саны 1650-ге жетті. Рейтинг Қазақстанның үздік жоғары оқу орындары қатарына кірген ҚР ҮЗДІК-10 ЖОО анықтады. Рейтингке көпсалалы, техникалық, гуманитарлық-экономикалық, медициналық және педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындары, сондай-ақ өнер жоғары оқу орындары қатысты. Рейтинг қорытындысы бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті 63700 баллмен 7-орынға ие болды. Біздің университет көп жылдан бері Қазақстанның үздік ЖОО-ның ондығына кіреді. Ұжым мен білім алушыларды аталған жетістікпен құттықтаймыз.

Университеттің 29 білім беру бағдарламасы үздік үштік қатарында:

БАКАЛАВРИАТ дәрежесіндегі «Дәстүрлі

музыка өнері» БББ 1 орынды иеленіп, Музыкалық білім; Мұнай газ ісі; Әлеуметтік жұмыс; Су ресурстары және суды пайдалану БББ 2 орынға табын тіресе, Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау; Хореография; Археология және этнология; Геология және пайдалы қазба кен орындарын барлау; Құрылыс; Агрономия; Өміртіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау; Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру; Инженерлік жүйелер мен желілер БББ – 3 орынды місе тұтты.

МАГИСТРАТУРА дәрежесінде Құрылыс; Су ресурстары және суды пайдалану 2 орын, Педагогика және психология; Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі; Математика; Химия; Тарих БББ 3 орын,

ДОКТОРАНТУРА дәрежесінде Мемлекеттік және жергілікті басқару 1 орын; Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі; Химия; Құрылыс; Биология; Жерді мелiorациялау, баптау және қорғау 2 орын; Математика педагогтерін даярлау; Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру БББ 3 орынды межеледі.

СТ-Ақпарат

КҮН ТӘРТІБІНДЕ - ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ

2025 жылдың 20 маусымынан бастап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қабылдау комиссиясы өз жұмысын бастады. Университет

- бакалавриаттың 81
- магистратураның 46
- докторантураның 17 білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау жүргізеді.
- Талапкерлерді оқуға қабылдау бірнеше кезеңдерді қамтиды, атап айтқанда:

Бакалавриат бойынша 20 маусым - 07 шілде аралығында шығармашылық дайындықты та-

кабылданып, Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне тіркелді.

- Магистратураға түсушілер 1 маусымнан бастап Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы кешенді тестілеуге өтініштер қабылдады. Ол 8 - шілдеге дейін жалғасты. Үміткерлер 20 шілде – 10 тамыз аралығында тестілеу орталығында кешенді тест тапсырып, білім беру гранты конкурсына қатыса алады.

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім негізінде



лап ететін білімнің білім беру бағдарламалары топтарына білім беру гранты конкурсына қатысушылардан шығармашылық емтиханға құжаттар қабылданып, 08-12 шілде аралығында шығармашылық емтихандар өткізілді.

- Шығармашылық дайындықты талап ететін білімнің білім беру бағдарламалары топтарына ақылы негізде оқуға түсуші талапкерлерден 20 маусым мен 15 тамыз аралығында құжаттар қабылданып, 10-15 тамыз аралығында шығармашылық емтихандар өткізілді.

- «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша білім беру гранты конкурсына қатысушылар QR код арқылы арнаулы емтиханды 01 – 12 шілде аралығында тапсырды. Ақылы негізде оқуға түсуші талапкерлер 20 тамызға дейін тапсыра алады. Ағымдағы жылдың 13-20 шілде аралығында Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру гранты конкурсына қатысушы талапкерлерден құжаттар

қысқартылған оқыту мерзіміне ақылы негізде қабылдау үшін өткізілетін түсу (әңгімелесу) емтиханы 20 маусым – 25 тамыз аралығында болады.

- Докторантураға түсушілерден 03 шілде – 03 тамыз аралығында Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы өтініш қабылдау жүргізіледі, 04 – 20 тамыз аралығында қабылдау емтихандары өтеді.

- Университетте білім алушыларды оқуға қабылдауға барлық жағдайлар жасалған, қабылдау барысында автоматтандыру цифрландыру жұмыстарына көңіл бөлінуде.

- Барлық талапкерлерді Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қызметін пайдалануға шақырамыз!

- Қосымша ақпаратты университеттің талапкерлерге арналған ресми сайтынан <https://www.talapakker-korkyt.kz> және instagram [@talapakker_korkyt](https://www.instagram.com/talapakker_korkyt) парақшасынан ала аласыздар.

Шетелдік ғылыми басылымдардағы Абай мұрасы

Жалғасы, басы өткен нөмірде

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Абай аманаты» [1] атты мақаласында «... Абайдың ойы мен сөзін күллі әлемдік ауқымда мойындату мәселесін Кеңестер Одағы әлі тарамай тұрып, 1990 жылы халықаралық деңгейде көтерген едік», - деп атап көрсетеді. Сонымен қатар, аталмыш мақалада «... Абай тойының алдында оның аруағын одан әрі ұлықтау, өмірбаяндық деректерінің көмескі парактарын қайта жаңғырту, әдеби, философиялық және музыкалық мұрасын тәуелсіздік тұрғысынан тыңнан пайымдау, әлемдік деңгейде кеңінен таныту бағытында іргелі жұмыстар атқарылды», - деген еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» [2] атты мақаласында да Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасатындығы айтылып, «... шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек», - деген болатын.

...Ә.Ж. Жапарова [14] тағы бір зерттеуінде Абайды ХІХ ғасырдағы Қазақстанның ең танымал және сүйікті ақыны дей келе, ұлы ақынның еңбектері ағылшын тілінде сөйлейтіндерге белгілі емес екендігін айтады. Бұл зерттеуде автор Абай поэзиясының әсемдігін шынымен жеткізе алатын аудармалардың жоқтығынан ба, жоқ болса, оны қалай түзетуге болатындығы айқындайды. Сонымен қатар, Абай поэзиясын қазақ тілінен ағылшын тіліне аударудың лингвистикалық, мәдени және тарихи факторлары мысалында дәйектеп, тілдер арқылы поэзияның қозғалысын тану үшін кейбір жеке өлеңдері мұқият зерттелді.

Р. Садыхова, Б. Тұрлыбеков, У. Қансейітова және Қ. Төлебаеваның [15] зерттеу жұмысында қазақ ғылымындағы аударма және М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының шет тілдеріне аудармаларының табиғаты туралы зерттелген. Эпопеяның орыс және неміс тілдеріне аударудың әдістері бар екендігін айта келе, олардың төмендегідей тиімді және тиімсіз тұстарына ерекше мән береді: тікелей аударма; аналогтылық; сипаттамалық аударма; мәнділік аударма; аудармада эстетикалық ерекшеліктерді сақтау үшін кейбір фразеологиялық бірліктерді қалдырып кету. Ал А. Машакова мен М. Хабудинованың [16] зерттеу жұмысында Абай шығармаларының татар тіліне аударылуы, жарық көрген кітаптардың алғы сөздері, татар ғалымдарының халықаралық конференциялардағы сөз сөйлеулері, татар әдебиеттанушыларының монографиялары талданады. Талданған материалдар арасында қазақ ақыны шығармашылығының соңғы бірнеше онжылдықтағы еңбектері бар. М.Ж. Түсіпбекова, М.А. Ыдырысова және Б.Г. Смағұлованың [17] зерттеу жұмыстарында мұғалімдер әрдайым өз сабақтарын қызықты әрі нәтижелі өткізу үшін жаңа әдістер мен материалдар іздейтіндігін айтады. Олардың пайымдаулары бойынша ағылшын тілі сабақтарына арналған материалдардың ең қиын түрлерінің бірі - әдебиеттерді пайдалану болып табылады. Тілді үйрену үшін төрт дағды қажет: оқығанды түсіну, жазу, тыңдау және ауызша сөйлеу. Осы мақсатта авторлар әдебиеттің, әсіресе Абай Құнанбаев қара

ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ АБАЙ МҰРАСЫ

сөздерінің ағылшын тілін оқытудағы өзекті рөлін анықтайды.

Бұл тұста 2020 жылы Ұлыбритания астанасында Абай Құнанбайұлы шығармаларының ағылшын тіліндегі жинағының таныстырылымы өткендігін айта кеткіміз келеді. Жинақты бес ғасырлық тарихы бар Кембридж университеті баспасы (Cambridge University Press) мен Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры бірлесе отырып Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында аударып басты. Танымал британ ақыны, әрі әдебиетші-ғалым, профессор Шон О'Брайен Абай өлеңдерін аударса, «Қара сөздердің» тәржімасын белгілі шотландық ақын, жазушы, профессор Джон Бернсайд жасады. Жинақ Ұлттық аударма бюросы іске асырған Абай шығармаларын әлемнің он тіліне аудару жобасының бір бөлігі [18].

З. Әсемжан [19] өз зерттеуінде Абайды жаңа қазақ поэзиясының негізін қалаушы ретінде атап көрсетеді. Абай шығармашылығының арқасында қазақ поэзиясында пайда болған терең өзгерістер жаңа ырғақтардың, өлшемдердің, шумақтардың, интонация мен мағыналардың пайда болуымен сипатталып, поэзияның өмірге, тұлғаның ішкі әлеміне бұрынғы рухани және бейнелеу көріністерінде адамдардың интеллектуалды өміріне әсерін дәйектейді. Абай - адамды, оның ішкі әлемін қазақ поэзиясына алғаш енгізген; қазақ әдебиетіндегі толыққанды көркем антропология Абайдан басталады. Абайдың поэтикалық жүйесіне терең де сындарлы жаңалықтар тән. Абай поэзиясында метафораның алуан түрлері бар. Ескі қазақ эпикалық поэзиясының канондық дәстүрлі метафораларынан өзгеше қарапайым және қиын дәстүрлі емес метафораларды кездестіруге болады. Мұндай метафораларды талдау осы зерттеудің мәселесін білдіреді.

Қазақтардың этика тарихын қарастырған еңбекте Г. Барлыбаева [20] ұлтмыздың этикалық ойлауы түркітілдес мәдениеттің ежелгі тармақтарынан бастау алып, үнді-иран, қытай және араб мәдениеттерінің бөліктерін қосатындығы жөнінде айтады. Қазақтардың өміріне, этикалық ойларына Жібек жолының, бүкіл Еуразияның идеялары әсер етті деуімізге де болады. Дегенмен, кейін ислам діні таралса да, қазақ ойы өзінің бастапқы белгілерінен басталатын өзіндік ерекшелігі мен элементтерін сақтап қалды. Осы мәселелерді негізге ала отырып, автор зерттеуінде VIII ғасырдағы Қорқыт атадан бастап XIX ғасырдағы қазақ ағартушылығындағы Абай Құнанбаевқа дейінгі этикалық ойлардың эволюциясын қарастырады.

К.К. Кенжеғалиев, Д.С. Какабаева, Е.С. Нурымов, Г.К. Қайниқенова және Ш.О. Сейітқұлованың [21] зерттеу жұмыстарында Абай Құнанбайұлы шығармалары негізінде XX ғасырдағы қазақ гуманизмінің қалыптасуы, оның психология мен мәдениеттің дамуына ықпалы анықталады. Мәдени, әлеуметтік және экономикалық айырмашылықтар тұрғысынан Абай мен А. Маслоудың (1954) гуманистік тұжырымдамаларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау үшін салыстырмалы талдау жүргізіледі. Авторлар мақсат ретінде Абай Құнанбайұлы шығармаларында туындаған ойларды ғылыми психология әдістері және американдықтардың еңбектері негізінде айқындауды алған. Зерттеу жұмысында американдық психолог А. Маслоудың гуманистік психология-

сы Абай Құнанбайұлына ұқсас екендігі айтылады. Олар бір-бірімен және бір-бірінің шығармаларымен таныс емес, бірақ олар ортақ шындықты - гуманистік тұлға психологиясы туралы айтты. Салыстырмалы әдіс нәтижесінде олардың гуманистік идеяларының ұқсастығы, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардан тәуелсіздігі анықталды.

К.К. Кенжеғалиев, Г.С. Мұхамеджанова, А.А. Шаяхметова, Ж.С. Тасболатова, Л.С. Байманова және Ж.А. Зұлқарнаеваның [22] зерттеулерінде Абай Құнанбаевтың психологиялық мұрасын зерттеу болашақ психологтардың психологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етіп, Болон процесіне сәйкес білім берудің ұлттық моделін көтеруге мүмкіндік беретіндігі баяндалады. Авторлар көшпелі қазақтардың психологиялық ерекшеліктерін ғылыми психология тұрғысынан түсініктемелер беруге ұмтылады. Олар Абай Құнанбаевтың қара сөздері көшпенділер психологиясын ғылыми психология тұрғысынан түсіну Қазақстанның психология ғылымын байытады, психологтардың, оқырмандардың психологиялық құзыреттілігін арттырады және Болон процесінің ұлттық деңгейде дамуына ықпал ететіндігін айтады.

Ж.Т. Карипбаев, С.А. Қасқабасов және А.С. Кенжеғұлованың [23] Абай Құнанбайұлы поэмасындағы Ескендір бейнесі талданған зерттеуде белгілі шығыстанушылар В.В. Бартольд, Э.Е. Бертельс, И.С. Брагинский еңбектері пайдаланылғандығы жөнінде айтылады. Салыстырмалы талдау негізінде Ескендір тақырыбында жазылған көптеген шығармалардың көркем-бейнелік құрамдастары туралы тұжырымдар жасалған. Абай шығармашылығының жан-жақтылығы мен гуманистік рухы оның осы поэмасы аясында айқындалатындығы туралы баяндалған.

Л.Н. Дауренбекова, С.К. Иманбердиева, Б.Д. Даутова, Г.С. Райнбекова және Г.М. Токтиманованың [24] пайымдаулары бойынша, бүгінгі білім мен ғылымның қарқынды дамып келе жатқан жағдайында түркі халықтарының тарихи байланыстары мен бірлігін нығайту, түркі халықтарын толығырақ зерттеу және әлемге таныту маңызды болып табылады. Ғалымдар Абай тек қазақ халқының емес, жалпы адамзаттың мәселелерін көтергенін айта келе, зерттеу жұмыстарында Абайдың түрік тіліне аудармалары сараланып, оларды түрік тілінде түсіндіру жолдарын қарастырады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының мақсаты ретінде түркі елдеріндегі Абай мұрасының өзгеру дәрежесін анықтауды санайды.

Г. Орынханова, А.Н. Нұрланова, Р.К. Сабырбаева, Л.А. Аманқұлова және Т. Төлегеновтің [25] зерттеулері Абай Құнанбаев шығармаларындағы ұлттық сипаттың метафоралық тұжырымдамасын салыстырмалы-сапалы зерттеу әдістері арқылы зерттеуге бағытталған. Авторлардың пікірінше, Абайдың барлық терең ойлары әл-Фараби, Ибн Араби, әл-Газали сынды сопылық ойшылдардың шығармаларында айтылған ойлармен байланысты болды.

Л.Н. Дауренбекова, С.К. Иманбердиева, Қ.М. Байтанасова, О. Ақниет және А.Е. Әлімбаев [26] зерттеуінде ұлы ақынның әдеби аудармаларының трансформациясы талданады. Авторлардың пайымдауынша, Абай Құнанбайұлының қазақ әдебиетінің атасы (ауызша дәстүрге қарағанда) және

орыс әдебиетінің классиктерін қазақ тіліне аударып, екі мәдениет арасындағы маңызды көпір қызметін атқарған ағартушы-педагог ретіндегі дуалистік мұрасы бар. Ғалымдар Пушкиннің «Евгений Онегинін» қазақ әнінің дәстүрлі түріне сәтті икемдеуінде Абайдың қазақтың нағыз әдеби көрінісін ашылуына әкелгені анықтайды. Абай басты кейіпкерлердің есімдерін түгелдей сақтамай, қазақша теңеу қолданатыны дәйектеледі. Абайдың Крылов әңгімелерінің аудармасы ең алдымен пейзаждар, тұрмыстық суреттер, көріністер сияқты шығармашылық элементтермен байланысты екені белгілі болды.

М. Иманғазин, И. Щербовских, Б. Есімқұлов, Қ. Үкібасова және Б. Рысдәулетова [27] мақаласында Абай Құнанбаев пен Гомер шығармаларындағы параллельдерді зерделеу қазақ әдебиетінің негіздері мен Абайдың ұлттық әдеби дәстүрді дамытудағы рөліне жаңаша көзқарас ұсынады. Абай мен Гомер кейіпкерлерінің образдары бір-біріне ұқсайды, сюжеттер мен мотивтер («көшпелі» өмірді суреттеу стилінде қарастырылады. Авторлар қазақ шығармаларының ежелгі Еуропамен ұқсастығы жиі айтылатындығын осы мақалада дәлелдейді.

Алаш қозғалысы империялық билік кезіндегі қазақтардың ұлттық-мәдени кодын сақтап қалды. Бұл коды түсіну үшін Алаш мұрасын ғана емес, оның Абай Құнанбаев бейнесін қалай танымал еткенін де зерделеу маңызды [28]. Осы зерттеуде авторлар Абай Құнанбаевтың және оның шығармашылығының Алаш қозғалысы идеологиясындағы орны мен оның жекелеген өкілдерінің шығармашылық, ғылыми мұрасын анықтау мақсатын қояды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны мен ұлттық бірегейлігі туралы Алаш қайраткерлерінің көзқарастары зерттеледі. Нәтижелер XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы мен Қазақстанның ұлттық азаттығын одан әрі зерттеу үшін құнды. Ғалымдар Абайды қазақ ұлттық-мәдени кодының мағыналық және эстетикалық мазмұнының орталық буыны ретінде ажыратады.

Зерттеу нәтижелерінен байқап отырғанымыздай, шетелдік ғылыми басылымдардағы Абай мұрасын зерттеуге арналған еңбектерде оның тұлғасы, рухтандырушы ойшылдылығы, орыс пен қазақ мәдениетін жақындастырған ағартушылығы, қара сөздерінің қоғам үшін маңыздылығы, ақынның әлеуметтік онтологиясы мен құндылықтар туралы түсініктері, метафоралық поэтикасы, өзге тілдерге аудармаларының ерекшеліктері, этикалық ойлар эволюциясына ықпалы, қазақ гуманизмі шеңберіндегі ғылыми психологиядағы орны, шығармаларының жан-жақтылығы, М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының рөлі және т.б. мәселер талданады. Әрине, Scopus базасындағы Абай мұрасына байланысты еңбектердің индекстелуі алдағы уақытта да тоқтамайды. Ол үшін ғалымдар өз ізденістерін беделді шетелдік рецензияланатын журналдарға ұсынуы қажет.

Мұрат Насимов,
саяси ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті философия және әлеуметтік-
гуманитарлық пәндер секциясының
қауымдастырылған профессоры

ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЖЕҢІСІ – УНИВЕРСИТЕТ ЖЕМІСІ

Университет түлектері ұрпақтар сабақтастығының көрінісі ғана емес, сонымен қатар қуатты – интеллектуалдық, ұйымдастырушылық, беделді және қаржылық ресурс. Түлектердің университет елшілері, студенттер үшін тәлімгер, өздерінің альма-матерлерінің тұрақты дамуының донорлары және инвесторлары болатынын дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отыр.

Гарвард, Оксфорд, Токио университеті және Сорбонна сияқты әлемнің жетекші

жоғары оқу орындарында түлектер даму экожүйесін қалыптастыруда шешуші рөл атқарып келеді. Дамыған елдерде түлектер ЖОО эндаумент қорларының негізгі донорлары, тәлімгерлік бағдарламаларының бастамашылары, форумдарда спикерлер, жас мамандарға жұмыс берушілер болады. Олар университеттерде стартаптар құрып, оқытушы ретінде сабақ беріп, халықаралық ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашуда.

Түлектеріміздің табыстылық тари-

хы университетіміздің ең жарқын және сенімді жарнамасы болып табылады. Түлектер альма-матер брендінің шынайы насихатшысы. Олардың жетістіктері жоғары болған сайын университеттің мәртебесі де жоғарылай түсетіні шындық. Бұл ел ішінде де, шетелде де жаңа студенттер мен серіктестерді тарту үшін өте маңызды.

Университет ректоры
Б.С.Каримова



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Эндаумент қоры мен Түлектер Қауымдастығының ұйымдастыруымен «Garden Party» II Түлектер форумы болып өтті.

Шараның басты мақсаты – университет, түлектер және жұмыс берушілер арасындағы байланысты нығайту, бірлескен жаңа жобаларды талқылап, жүзеге асыруға бастама жасау. Сонымен қатар, форум аясында университеттің стратегиялық даму жоспарына түлектер мен жұмыс берушілердің ұсыныс-пікірлерін енгізу мәселелері талқыланды.

Түлектер жиынына университеттің Директорлар кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты Ерлан Әбіл, Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің департамент директоры Ернар Тоқтыбаев және әр жылдардағы университет түлектері

– облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, түрлі деңгейдегі мекеме басшылары, бизнес қауымдастық өкілдері, ғылым, білім, БАҚ саласының мамандары қатысты.

Форум модераторы – Басқарма мүшесі, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай болды.

Басқосудың беташарын ашып берген университеттің Басқарма төрағасы – Ректоры Бейбіткүл Каримова қатысушыларға сәттілік тілеп, іс-шараның маңыздылығына тоқталды.

Форум аясында бірқатар түлектер университеттің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін арнайы марапаттарға ие болды.

«Үздік түлек» төсбелгісімен Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Ақмарал Темирова, Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов, «Respublica» партиясының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Дәурен

Сейтжанов марапатталды.

Ал «Қорқыт Ата атындағы Алтын медальмен» университеттің жұмыс берушілері «Сыр медиа» ЖШС директоры Марат Аралбаев, «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ Қызылорда облысы филиалының директоры, облыстық мәслихат депутаты Аида Әбибуллаева, Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов және «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ басқарма басшысы Батыржан Қаракөзов, сондай-ақ оқу ордамыздың дамуына қосқан үлесі үшін Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректоры Махмұт Томанов марапатталды.

Шара барысында Түлектер қауымдастығының жаңа төрағасы 2001 жылғы университет түлегі, ағылшын тілі және аударма ісі мамандығының үздігі, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының стипендиаты Жанна Аманова сайланды.

Сонымен қатар, университетте «техника ғылымдарының кандидаты, профессор Анипа Тапалова атындағы стипендия» тағайындау бойынша конкурс өткізу қолға алынған болатын. Конкурс талаптары бойынша академиялық жетістіктері мен белсенділігі жоғары 3 студентке оқу жылы бойы, ай сайын 30 000 теңге көлемінде стипендия тағайындалатын болып бекітілген. Форум барысында профессор стипендиясының жеңімпаздары Ұлбала Әріпжанова, Шахназ Уалиханова және Жандос Әбдіхамит есімді студенттер марапатталды.

Әрі қарай түлектер, жұмыс берушілер және университет қызметкерлері алдағы бірлескен жұмыс бағыттарын талқылады.



ТҮЛЕКТЕР – УНИВЕРСИТЕТ ЕЛШІСІ

88 жылдық тарихы бар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті осы кезге дейін жүз мыңнан астам түлектің жарқын болашағына жолдама берді. Қазіргі таңда шәкірттеріміз ел экономикасының әр саласында табысты еңбек етіп, үздіктер қатарынан көрінуде.

Түлектер форумының мақсаты – түлектермен қарым-қатынасты нығайту, оларды Қорқыт Ата

риат бағдарламасы бойынша оқитын студенттер саны 1,71 есе өсті. 2020-2021 оқу жылында студенттер контингентінде - 5783 студент болса, 2024-2025 оқу жылында бұл көрсеткіш - 9 888 студентке жетті. Өз кезегінде осы аралықта мемлекеттік білім гранты иегерлерінің саны 3,24 есе өсті. Атап айтқанда, 2020-2021 оқу жылындағы грант иегерлері саны - 1373 студент

Жас ғалымдарды қолдауды жалғастыру және олардың санын көбейту;

Зерттеуші-оқытушылардың санын арттыру және постдокторанттарды тарту;

Халықаралық жобалардың үлесін арттыру.

Цифрландыру мен инфрақұрылымды дамыту бойынша:

Материалдық-техникалық базаны одан әрі жақсарту;

№1 оқу ғимаратында (ГПИ) кітапхананы жаңғырту, заманауи Атриум салу;

Жаңа оқу ғимаратын салуды бастау;

Университеттің цифрлық экожүйесін дамыту:

- «Ақылды кампусқа» көшу және «Цифрлық трансформация мен киберқауіпсіздікке 20 қадам» жол картасын жүзеге асыру.

Қадірлі түлектер!

Соңғы жылдардағы инфрақұрылымды жаңарту, бизнес-процестерді цифрландыру, басқару жүйесі мен HR-процестердің тиімділігін арттыру, халықаралық байланыстарды нығайту, ғылыми әлеуетті арттыру және кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырудағы көптеген бастамаларымыздан туындаған табысты нәтижелерімізге пейілі ақ, құшағы кең Сыр жұртшылығы, бүкіл еліміз күз.

Әрбір жоғары оқу орны қызметінің басты көрсеткіші – даярлаған кәсіби кадрлары десек, өңір экономикасы салаларындағы мамандардың 80 пайызға жуығы университетіміздің түлектері. Қай жұмыста болмасын өз ісінің шебері атанып, өз университетінің мерейін көтеріп жүрген табысты түлектеріміздің қатары жылдан-жылға артып келеді. Баршаымыздың мүддеміз ортақ – ол қасиетті Сыр өңірінің дамуын жаңа биіктерге көтеру. Осынау жолда сенімді әріптестігімізді жаңа күшпен, жаңа шабытпен жалғастыруға шақырамын. Ортақ істің абыройы да ортақ екені баршаымызға аян.

Береке-бірлігі жарасқан Қорқыт Ата университетін өңірдің нақты сұраныстарымен үндескен халықаралық деңгейдегі озық ғылым мен баскеге қабілетті білімнің орталығына айналдыру жолындағы еңбегін ұжым мүшелері өздерінің қолдауларыңызбен еселендіре түсетінін сіздерді сендіремін! Бұл біздің бұлжымайтын стратегиялық басымдығымыз!

Біз түлектеріміздің Қорқыт Ата атындағы университеттің елшісі қызметін атқарып, университет құндылықтары мен мәдениетін насихаттап жүргеніне қуаныштымыз. Олар қазіргі студенттермен тәжірибелерімен және қызықты кәсіби істерімен бөлісуге, практикадан өткізуге және жұмысқа орналастыруға, студенттерге жеке стипендиялар мен гранттар беруге, университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және т.б. заманауи мүмкіндіктер тудыруға мүдделілік танытады деп ойлаймын.

Барша түлектерге сәттілік тілеймін, университетте білім алу әр адамның аспандағы өзінің жарық жұлдызын жағуға септігін тигізіп, оның шапағат-шуағы - әрбіріңізге өзін-өзі жетілдіру, қоғамға қызмет ету жолында дұрыс бағыт-бағдар бергеніне сенімдімін.

Форум жұмысына сәттілік тілеймін!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің

Басқарма төрағасы-Ректор Б.Кәрімованың

II Түлектер форумында сөйлеген сөзінен қысқартылып алынды.

**Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің**

Басқарма төрағасы-Ректор

Б.С.Кәрімованың

**II Түлектер форумында сөйлеген
сөзінен ықшамдалып алынды.**



университетінің дамуына белсенді қатыстыру, өзара тәжірибе алмасу, студенттеріміздің болашақ іс-әрекеттеріне дұрыс бағыт-бағдар беру.

Біздің негізгі міндетіміз – альма-матердің өміріне белсене қатыса алатын, оған зияткерлік, кадрлық және қаржылық қолдау көрсете алатын күшті түлектер қауымдастығын қалыптастыру.

Соңғы 5 жылда университетті 12 мыңнан астам түлек бітірді. Біз үшін ең жақсы марапат – «Иә, мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде оқыдым» деген сөздеріңіз. Еліміздің түкпір-түкпірінде Қорқыт Ата атындағы университеттің түлектері деген абыройлы атақты сіздер сапалы білім, іргелі істер, жарқын жетістіктерімен дәлелдей отырып, өз білім ордаларыңыздың туын биік ұстап жүргендеріңізге ризашылығымды білдіремін.

Университет өз түлектеріне заманауи білім беріп, жоғары білікті мамандарды даярлағанын, яғни, оларға өзіндік «сапа белгісін» қойғанын мақтан тұтады.

Қорқыт Ата университеті – шын мәнінде Қазақстандағы байырғы оқу орындарының бірі. Бүгінде бірегей жоғары оқу орнында 6 институт, 5 ғылыми орталық, 570-тен астам профессор-оқытушы (оның: 22-сі ғылым докторы, 188-і ғылым кандидаты, 75-і PhD, 192-сі магистр) мен 10 000-ға жуық студент, облыстағы ең ірі бакалавриат (83 БББ), магистратура (44 БББ) мен докторантура (15 БББ) білім беру бағдарламалары бар.

Бүгінгі таңда университетіміз өршіл және дарынды студенттер үшін мүмкіндіктер ордасы болып қалыптасты. Оның қабырғасында ғылым мен өнердің, дәстүр мен заманауи технологиялардың тоғысқан тұсында сапалы жаңа идеялар дүниеге келеді. Бұл идеяларды университетіміздің үздік түлектері жасауда және жасай да береді.

Қызылорда университетінің есігі сіздер үшін әрқашан ашық, өйткені ол – сіздің екінші үйіңіз.

Университеттің соңғы жылдардағы жетістіктеріне қысқаша тоқталып өтсек,

* Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін таңдаушылардың қатары жыл сайын артып келеді. Соңғы 5 жылда бакалав-

(жалпы контингенттің 23,7%-ы) болса, 2024-2025 оқу жылында бұл көрсеткіш - 4457 студентке (жалпы контингенттің 45,1%-ы) дейін өсті.

* 2024 жылы бітірген түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі 81%-ды құрады. Жұмысқа орналасқан түлектердің 66%-ы алған мамандығы бойынша жұмыс істейді.

* Бүгінде оқу орнында ғылымды және ғалымдарды қолдау жұмыстары ерекше қарқын алуда.

* Қазіргі таңда ресми сайтымыз арқылы үздік түлектерімізді насихаттау жұмыстары жүргізілуде. Youtube каналы мен әлеуметтік желілерде олар туралы жазылуда. Түрлі салада жарқын жетістіктерге жеткен, университет дамуына ерекше үлесін қосқан түлектеріміз туралы «Түлектер энциклопедиясын» шығару да жоспарымызда бар.

* Алдағы уақытта университеттің дамуына қосқан үлестері үшін арнайы «Алтын түлектердің тақтасы» әзірленеді.

Құрметті түлектер қауымы!

Енді алдымыздағы басым жобалар мен міндеттерге келсек:

Академиялық саясатты және тәрбиелік жұмысты дамыту бойынша:

«Мамандығым-болашағым» жобасы аясында өңірдегі жаңа мамандықтардың картасын жасау;

Алдыңғы қатарлы шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларының санын арттыру;

Дуалды оқыту негізінде өндіріспен байланыстарды одан әрі нығайту, практикаға бағдарланған оқытуды жүзеге асыру;

Студенттердің креативті идеялары мен әлеуметтік бастамаларын қолдау.

Ғылыми-зерттеу жұмысы мен халықаралық байланыстарды дамыту бойынша:

Коммерцияландырылған жобалардың санын көбейту;

Аймақтық пайдалы қазбаларды пайдаланушылармен/өндірістік компаниялармен жұмыс жүргізу;

QS WUR, THE, UI GreenMetric WUR және басқа да рейтингтердегі көрсеткіштер бойынша жұмысты жалғастыру;

ДИПЛОМ - ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ



Күні кеше ғана: университетке түстім – деп, қуанышы қойнына симай жүрген талапкерлер 4 жылдан соң сенімі орныққан, өмірдің жаңа бір белесіне қадам басатын маман ретінде құжаттарын қолдарына алып, қоғам өміріне араласуға кіріскелі тұр. Осындай қимас сәттерді пайдаланып университет қабырғасында белсенді студент бола білген бірқатар түлектерімізбен сұхбаттасқан едік.

1. Неліктен осы мамандықты таңдадыңыз?
2. Қорқыт Ата университетіне қызығушылығыңыздың себебі қандай?
3. Сіз үшін университеттегі қандай пәндер қызықты және пайдалы болды?
4. Университетте оқудан күткен үмітіңіз орындалды ма?
5. Студенттік шақтағы басты жетістігіңіз қандай?
6. Университет қабырғасында жүргенде қалыптасқан машығыңыз?
7. Дипломыңызды қолға алған сәттегі әсеріңіз?

Кәрімбердиева Шапағат Мейрамбекқызы,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің – қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының түлегі.

1. Мен бұл мамандықты кездейсоқ таңдаған жоқпын. Бастауында бала күнгі армандарым мен үлгі тұтар тұлғам тұр. 5-сыныпта оқып жүргенде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ



берген Тоғызбаева Рауа Әбілқайырқызына қатты қызығатынымын. Оның сөз саптауы, өзін-өзі ұстауы, киім киісі – бәрі мен үшін мұғалім деген ұғымның жарқын бейнесі болатын. Рауа апайым мені 5-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін жетелеп, бағыт-бағдар берді, жарыстар мен байқауларға қатысуыма ықпал етті. Сол кезден бастап менде ұстаз болсам деген арман пайда болды.

2. Бастапқыда белгілі бір оқу орнын арнайылап таңдап қоймаған едім. Бірақ өзге қалада оқығым келетін бір ішкі тілек – гештальт жабылмай тұрған. Дегенмен, үйдің кенжесі әрі жалғыз қыз болған соң, ата-анам мені басқа қалаға жібергісі келмеді. Сол себепті Қорқыт Ата университетін таңдадым. Қазір осы оқу орнында білім алғанымға еш өкінбеймін. Керісінше, мақтанышпен айта аламын. Университет қабырғасында жүргенде талай биікті бағындырдым, көптеген жетістіктерге жеттім.

3. Мектепте алған білімімізді университетте тереңдетте түстік. Қазақ тілі мен әдебиетінің терең сырларына үнілуге мүмкіндік алдық. «Әдебиет теориясы», «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы», «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» сияқты пәндер ерекше әсер қалдырды. Әсіресе, «Әдебиет теориясы» пәнінен Ғабит Тұяқбаев ағайымыздың сабағы өте қызықты өтетін. Ол әңгіменің басын бастап, әрі қарай өз қиялымызбен жалғастыруға тапсырма беретін. Бұл өте қызықты, әрі қиын тапсырмалардың бірі еді. Бір аудиторияда отырған 20 студенттен 20 түрлі ой шығады. Оны талдап, әдеби сын айта білуге үйретті. Бір өлеңді беріп, автордың жеткізгісі келген астарлы ойды табуға тапсырма берген кезі де болды. Маған Қызылордалық ақын Қуат Адистің өлеңі түсіп, мен оны талдап, ағайым сол ақынның өзімен байланысқан болатын. Қуат Адис ағайымыздың фейсбугінен өзімнің талдаған жұмысымды көріп, ақынның оң бағасын бергенін оқығанда, тек білім беріп қана қоймай, нұрын шашатын шамшырақ болатын ағай, апайларымыздың болғанына риза болдым. Мұндай сәттер студент үшін үлкен шабыт.

4. Иә, күткен үмітім толығымен ақталды деп айта аламын. Бұл оқу орны – менің кәсіби маман ретінде қалыптасуыма үлкен үлес қосты. Тек білім алып қана қоймай, өмірлік достар таптым, қоғамдық өмірге араластым, рухани өстім. Алға қойған мақсаттарыма жетуге үлкен септігі тиген орта ретінде бұл университеттің алатын орны бөлек.

5. Студенттік шақта тек біліммен шектелмей, қоғамдық жұмыстарға да белсене қатыстым. Өртүрлі іс-шараларға қатысып, университет өміріне етене араластым. Сол еңбегімнің нәтижесінде Президенттік стипендия иегері атандым. Сонымен қатар, «Elbasy Medali» жобасына қатысып, қола медаль иелендім. Студенттік ғылыми конференцияларға, әртүрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иелендім. Университеттен бөлек «Ыбырай Қоғамдық қорының» стипендияты атанып, сол қордан білім алғанымды дәлелдейтін дипломымды да алдым. Бұл – мен үшін үлкен жетістік, әрі зор мотивация болды.

6. Университет менің бойымдағы шығармашылық қабілетімді шыңдады. Көпшілік алдында сөйлеу, еркін ой білдіру, академиялық жазылым, топпен жұмыс істеу, жобалар әзірлеу сияқты түрлі машықтар қалыптасты. Сонымен қатар, Кял-21-5 оқу тобының топ басшысы болып сайланған едім. Ол да менің машықтарды қалыптастыруыма өз септігін тигізді. Уақытымды тиімді пайдаланып, мақсат қойып, соған жетуді үйрендім. Ұйымдастырушылық қабілетім артып, өзіндік пікір қалыптастыру мен сыни тұрғыда ойлау дағдысы дамыды.

7. Диплом алған күн – мен үшін ерекше тарихи күн. Сол сәтте сан түрлі сезім бойымды биледі. Қуаныш, мақтаныш, толқу, тебіреніс. Жолдың басы деп бастаған студенттік өмірімнің соңына нүкте қойылғанымен, енді жаңа белестерге бет бұратын уақыттың келгенін түсіндім. Бұл диплом – менің тек төрт жылдық еңбегімнің емес, бала күнгі арманымның орындалғанының белгісі. Алдымда үлкен жауапкершілік пен жаңа мақсаттар тұр. Ал мен дамуды тоқтатпаймын.

Сағнадинқызы Нұрайым

1. Мен «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығын таңдағанда алдымен елге пайдалы, суранысқа ие саланы меңгергім келді. Тағам өндірісі – адамның күнделікті өмірімен тығыз байланысты, әрі қауіпсіздік пен сапа жағынан үлкен жауапкершілік жүктейді. Бұл салада терең білім алып, өз мамандығымның нағыз иесі болғым келді.



2. Қорқыт Ата университеті – өңіріміздегі іргелі білім ордасы. Бұл оқу орнын таңдауыма оның жан-жақты дамуы, білім сапасының жоғары болуы, жастарға арналған мүмкіндіктердің кеңдігі әсер етті. Соны-

ДИПЛОМ - ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

мен қатар, университеттің патриоттық және тәрбиелік құндылықтарға негізделген орта қалыптастыруы маған ерекше әсер етті.

3. Тікелей мамандығыма қатысты пәндер – “Азық-түлік қауіпсіздігі”, “Сүт өнімдерінің технологиясы”, “Сараптама және стандарттау” секілді сабақтар маған өте қызықты әрі пайдалы болды. Олар арқылы мен теорияны практикамен ұштастырып, нақты өндіріс процесін жақсы түсіне бастадым.

4. Иә, толықтай орындалды деп айта аламын. Тек білім алып қана қоймай, өзін-өзі дамыту, қоғамдық өмірге араласу, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру секілді көптеген бағытта жетістікке жеттім.


5. Мен үшін ең үлкен жетістік – университеттің белсенді студенті болуым, Жастар ісі жөніндегі комитетті басқаруым, түрлі жобалар мен форумдарға қатысуым. Сонымен қатар, “Университет аруы – 2025” байқауының бас жүлдесін иеленуім – өмірімнің жарқын сәттерінің бірі.

6. Жауапкершілік, уақытты тиімді жоспарлау, командамен жұмыс істеу, көпшілік алдында сөйлеу – осының бәрі университет қабырғасында дамыған машықтарым. Бұл машықтар мені нағыз өмір мектебінен өткізді.

7. Бұл диплом – менің ғана емес, маған сенген ата-анамның, ұстаздарымның, маған демеу болған достарым мен жақындарымның ортақ жеңісі. Енді мен тек өткенге көз тастап қана қоймай, болашаққа сеніммен қарай аламын. Себебі бұл сәт – менің енді өзгелерге үлгі бола алатынымның дәлелі. Кеудемде мақтаныш, қолымда диплом, ал жүрегімде – алда күтіп тұрған үлкен өмір.

Шылмырзаева Аружан Орынбасарқызы:

1. Бала кезден не дәрігер, не мұғалім болуды армандайтынмын. Биология мен химия пәндеріне деген қызығушылығым мектеп кезден жоғары болды. 11-сынып аяқтаған сәтте дәрігер боламын деген оқушы мұғалім мамандығына түскенде, әрине, сәл көңілімде қаяу болды. Бірақ, университет мұғалімдерінің берген тәжірибесі мен білімдерінің арқасында өз мамандығымды шексіз жақсы көремін. Оқушыға өз білгенімді үйреткен сәтте ішкі



дүниеде қуаныш сезімі ұялайды.

2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – өңіріміздегі сапалы білім мен тәжірибелі ұстаздар шоғырланған беделді жоғары оқу орны. Университет таңдауда қалаға емес білім мен тәрбиеге көңіл бөлген абзал, таңдауымнан қателеспегеніме 4 жыл ішінде көзім жетті.

3. Мен үшін университеттегі 4 жыл білім алу аралығында барлық пән қызықты болды, себебі пәннің қызықты болуы оқытушыларға тікелей байланысты. Оқытушылар әр пәнді студентке түсінікті жеткізу мен іздену әдеттерін қалыптастыра отырып, тәрбие мен білімді қатар берді. Мамандығымызға тікелей қатысты пәндерден мысал келтірсем: БОМ(биология мұғалімдерін даярлау); өсімдіктер систематикасы; адам анатомиясы мен физиологиясы; омыртқасыздар зоологиясы, генетика; ғылыми жұмыстарды жазу әдістемесі пәндерін ерекше атап өтуге болады.

4. Университетте оқудан күткен үмітім орындалды. Университетке құжаттар тапсыруға келгенімде білімімді еселеймін, нағыз педагог, білікті маман болып шығамын деген үмітпен кірдім және үмітім ақталды.

5. Студенттік шақтағы басты жетістіктерім: Қызылорда қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде тәжірибе алмасуым; ғылыми жұмыстармен айналысуым, шет елдің журналына мақала жариялауым, университеттің берген ерекше мүмкіндігі президенттік шәкіртақымен оқуым және білікті ұстаздардан білім алуым.

6. Университет қабырғасында жүргенде оқу тобымдағы 38 адамға жауапты болу арқылы жауапкершілік қасиетім, адамдармен коммуникацияға түсу қабілетім, ізденіс жұмыстарын жүргізу, педагогтық машықтарым қалыптасты.

7. Дипломымды қолға алған сәтімде ішімдегі сезімді айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл – ұзақ еңбектің, тер төгудің, кейде ұйқысыз түндердің жемісі. Қуаныш, мақтаныш пен жауапкершілік қатар сезілді, жүрек толқыды. Алғаш студент атанған сәтімде тезірек диплом алсам екен деген менің ішкі дүниеде, қазір университетім мен оқытушыларға қимастық сезімім басым. 4 жылдық ізденіс, үздіксіз білім алу, бос уақытымда практикалық тұрғыда өзімді шыңдауым, еңбегімнің нәтижесі – қызыл диплом. Таза еңбекпен келген жеміс тәттірек болады екен.

Тұқман Бақжан

1. Менің таңдаған мамандығым есеп және аудит мамандығы. Мен есеп және аудит мамандығын таңдаған себебім, бұл салада мені қызықтыратын көптеген аспектілер бар. Біріншіден, мен математиканы және цифрларды жақсы көремін, ал есеп және аудит осы қабілеттерімді дамытуға мүмкіндік береді. Екіншіден, бұл сала экономиканың маңызды бөлігі болып табылады, сондықтан менің жұмысым қоғам мен бизнес үшін маңыздылығын арттырады. Сондай-ақ, есеп және аудит мамандығында еңбек нарығында тұрақтылық пен жоғары талаптар бар, бұл менің болашақ карьерам үшін сенімді негіз болады.

2. Қорқыт Ата университетіне қызығушылығымның себебі, бұл оқу орнының жоғары білім беру сапасы мен кәсіби дайындыққа назар аударатынында. Университеттің оқу бағдарламалары мен тәжірибелік бағыттары мені қызықтырады, өйткені олар менің мамандық бойынша қажетті дағдыларды игеруге көмектесті. Сондай-ақ, университеттің заманауи инфрақұрылымы, ғылыми-зерттеу мүмкіндіктері және тәжірибелі оқытушы құрамының болуы менің білім көкжиегімді кеңейтуге мүмкіндік береді. Және, әрине, Қорқыт Ата университеті менің жеке дамуым үшін қолайлы орта ұсына білді.

3. Маған «Аудит негіздері» пәні қызықты және пайдалы болды. Себебі, менің мамандығым жайлы толықтай және нақты жауаптар мен түсіндірмелерді берді.



4. Иә, университетте оқудан күткен үміттерімнің көпшілігі орындалды. Жаңа білім мен тәжірибе жинап, достармен таныстым. Оқу мен ғылыми жұмыстардың арқасында өзімді дамытуға мүмкіндік туды.

5. Басты жетістігім білімім, және де қоғам белсендісі болу арқылы ректордан, деканнан алғыс хат, дипломдар алуым. Соңғы курста жаңадан келген белсенді студенттерге қолдау білдіріп, демеуші болғаным шығар.

6. Университет қабырғасында жүргенде менде бірнеше маңызды машық қалыптасты. Сынақтар мен жобалар арқылы уақытты басқару, командалық жұмыс, және дағдыларымды дамытуға бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізу қабілеті дамыды. Сонымен қатар, қоғамдық іс-шараларға қатысу арқылы коммуникация дағдыларым жақсарды.

7. Дипломымды қолға алған сәтте толғаныс пен қуаныш сезімін бастан өткердім. Жеке еңбегімнің нәтижесін көріп, өзімді мақтан тұттым. Бұл кезең мен үшін жаңа мүмкіндіктер мен болашаққа сенім сыйлаған ерекше уақыт болды. Сонымен қатар, достарыммен бірге қуаныштарымызды тойлап, өткен күндерді еске алдық.

Ботаникалық бақтың «бағы жанды»

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті аймағымыздағы ғылым және жоғары білім беру саласы бойынша бірегей ЖОО екендігі анық. Университеттің әртараптанған құрылымының бірі – Ботаникалық бақ.

Бұған дейін ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жылыжай шаруашылығы мақсатында пайдаланылып келген агробиологиялық орталық бүгінде жаңа кейіпке еніп, заманауи тұрғыда жабдықталып қалалықтардың керемет демалыс орнына айналып отыр.

Орталықта биыл да көптеген жұмыстар ұйымдастырылды. Университет ұжымы әдеттегідей әрдайым сенбіліктер өткізіп, тазалық жұмыстарын атқаруға жұмыла кірісетін қалыптарынан таймаған.

Сондай-ақ, облыстық әкімдікпен екіжақты серіктестік негізінде жалпы көлемі 5 гектарды құрайтын ботаникалық баққа 200 млн-нан астам қаржы салынды. Нәтижесінде, «Ботаникалық бақ» күрделі жаңғыртудан өтті. Қазіргі таңда бақ ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен студенттердің практикасына арналған «тәжірибелі аумақ» қана емес, қала тұрғындары мен қонақтары үшін мәдени демалыс орнына айналып үлгерді.

Мұның барлығы тұрақты күтім мен қажырлы еңбектің арқасында жүзеге асатыны түсінікті. Солардың бір парасына тоқталып өтсек,

– университеттің Ботаникалық бағында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы және Тазару күні аясында қыстан кейін алғаш рет ағаш отырғызу және аумақты тазарту жұмыстары кең көлемде жүргізілді.

– Экологиялық акцияға Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенев, Мұрат Ергешбаев, Мархабат Жайымбетов, Қызылорда облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, облыс және қала әкімдігі басқармаларының басшылары, университет қызметкерлері қатысып, ағаш отырғызу жұмыстарына атсалысты.

– Қызылорда облысы әкімдігінің және Қызылорда қаласы әкімдігінің қолдауымен қонақтардың ыңғайлы жаяу жүруі үшін тротуар плиталары төселгенін атап айту керек. Университеттің күшімен саябақ шамдары, бейнебақылау камералары, ротондалар мен демалуға арналған орындықтар, қоғамдық дәретхана және велосипед жолы орнатылды. Бақшада орналасқан «Гүлшатыр» әдемі құрылымының астында күн сәулесінен сақтанумен қатар мәдени іс-шаралар өткізуге болады.

Қазіргі уақытта Ботаникалық бақта сәндік өсімдіктерден, бұталардан, жеміс-жидек түрлерінен (туя, қарағаш, Сыр талы, сексеуіл, катальпа, павлония, клен, шие, алма ағашы және т.б.) 2500 ағаш отырғызылды. Қызылорда облысында құрғақ, тұзды



топырақ және жалпы климаттың өзгеруі (жауын-шашынның аздығы) жағдайында әрбір екпе назар мен күтімді қажет етеді: отырғызылған ағаштардың басым көпшілігі тамыр алды. Осыған байланысты ағаштарды маусымдық отырғызу, оларды емдеу, күту және суару үнемі назар аудару мен бақылауды қажет етеді. Айтпақшы, Ботаникалық бақта тамшылатып суару да, ағаштарды суарудың арық жүйесі де жұмыс істейді.

– Қала аумағын көгалдандыру және экологиясын жақсарту жұмыстары ағымдағы жылы жалғасын табууда.

– «Біз табиғаттың бір бөлігіміз: болашақ ұрпақ үшін жасыл әлемді сақтау басты міндетіміз» ұранымен 500 көшет отырғызу экологиялық акциясы да ауқымды шаралардың бірі болды. Акцияға студенттер мен оқытушылар ғана емес, қала тұрғындары мен қонақтары да тартылды.

– Табиғатты қорғау, оны аялау – әрбір адамның міндеті. Мақсатымыз – қоғамда экологиялық сауаттылықты арттырып, тұрақты дамуды назарға ала отырып, қоршаған ортаны қорғауға шақыру. Әрбір қатысушы тал егу арқылы, болашақ ұрпаққа баға жетпес мұра қалдыруға үлес қосады. – деген нысаналы міндет қойған «1000 ағаш – 1000 арман» акциясы да Ботаникалық бақта өткен бірқатар шараларға өзек болды. Ботаникалық бақ және жылыжай шаруашылығы аумағына мың түп тал егілді.

Экологиялық акция Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұйымдастыруымен, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы және «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының қолдауымен өтті.

Әрбір отырғызылған ағаш – келешекке деген үміт пен арманды бейнелейді, сондай-ақ, тұрақты дамуға және табиғатпен үйлесімді өмір сүруге деген ұмтылысты білдіреді.

Табиғатпен етене болып, тіл табыса білу, ағаштардан бөлінетін оттегінің адам ағзасына тигізер пайдасы орасан екендігі, сонымен қатар, көңіл-күйге әдеміліктің, әсемдіктің белгісі ретіндегі әсері уақыт өте келе құндылығын арттыра түсері сөзсіз. Бұл тұрғыда Ботаникалық бақтың қоғамдағы рөлі арта түсетіні, атқарылған еселі еңбектің жемісті бола түсері анық.

Айта кетейік, Ботаникалық бақтың жалпы көлемі 5 гектарды құрайды.

Ботаникалық бақта екі блок-тан тұратын жылыжай орналасқан. Жылыжайдың жалпы көлемі 800 шаршы метрді құрайды. Бүгінде қиырдың 3 бұданы мен қауынның 1 бұданы сынақтан өтуде.

Университет жылыжайында «Биология» және «Агрономия» БББ-ның білім алушылары зерттеу жұмыстарын жасап, тәжірибеден өту мүмкіндігі қарастырылған.

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КАРИМОВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ -
әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

Жауапты редактор:

**Раушан
Садуова**

Техникалық редактор:
**Асқар
Махашов**

SYR TULEGI
student jastar gazetі

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.